

6-бөлім**Раздел 6****Section 6****Жас ғалымдар
мінбері****Трибуна для
молодых ученых****Tribune for young
scientists**

ӘӨЖ

С. Қумабекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: salta_kumabekova@mail.ru>

Ұлттық өркениет және масс-медиа

Аталмыш мақалада ұлттық өркениеттің даму қарқыны, оған төртінші биліктің, яғни бұқаралық ақпарат құралдарының әсері мен ықпалы туралы айтылады. Ұлттық өркениеттің даму қарқыны айтылмас бұрын, қазіргі өркениетті заманның жаңа терминдерінің айырмашылықтары, олардың салмағы мен қоғамдағы қолданысы да жеткізіледі. Өркениет ұғымына жалпылама түсінік беріле отырып, оның мәдениетпен сабақтастығы, байланысы мен айырмашылығы да айтылған. Ұлттық өркениеттің қазіргі даму қарқыны, оның өркендеуіне масс-медиадың дамуына масс-медиадың әсері мен ықпалы туралы айтылған. Жалпы өркениет ұғымына анықтама беріле отырып, өркениеттің бүгінгі өмірмен сабақтастығы жеткізілген. Отандық өркениеттің ілгерілуінде масс-медиадың әсері жеткізілген.

Түйін сөздер: ақпарат, ұлттық, цивилизация, масс медиа, Қазақстан, мәдениет

S. Kumabekova

Civilization and national media

This article discusses the role of mass media in the development of national civilizations and its prerequisites. Also, given a different language and definitions, especially the word – civilization and culture. The difference between these concepts, their similarities and their values are also written in the article. Comparatively analyzed current civilization over the years to the country's independence. Full article answers the questions – who, where, as formed and subsequently formed a national civilization.

Keywords: Information, national, civilization, the mass media, Kazakhstan, culture.

С. Қумабекова

Национальная цивилизация и масс-медиа

В данной статье говорится о роли масс-медиа в развитии национальной цивилизации. Также даются различные формулировки и определения, особенности слов «цивилизация» и «культура». Проводится сравнительный анализ нынешней цивилизации с историческим периодом до приобретения независимости страны. Статья полностью отвечает на вопросы, как формировалась и формируется национальная цивилизация.

Ключевые слова: информация, национальный, цивилизация, масс – медиа, Казахстан, культура.

Өркениет – тарихтың адамдық өлшемі ғана емес, сонымен қатар адам оны тарихи тұрғыда қайта өзгертіп, табиғатқа енгізетін өлшем. Ал, адамдық өлшем тек шама емес, тарихи дәйектілік, процесс.

Өркениеттің қазіргі даму тұсында біздің қоғам түрлі терминдер мен ұғымдармен, түсініктер мен баламалармен жиі ұшырасады. Қоғам мүшелеріне таңсық дүниелердің әлі де бар болуынан, бірінің бірінен айырмасы жоқтай

көрінеді. Мәселен, глобализация, масс-медиа, жаһандану, өркениет және т.б. Сондықтан, ұлттық өркениет туралы әңгіме қозғамас бұрын, мәдениет пен өркениеттің, масс-медиа мен БАҚ-тың айырмашылығын ажыратып алғанымыз жөн болар.

Мәдениеттану ғылымында мәдениетке қатысты берілген көптеген анықтамаларды типологиялық тұрғыдан бөліп қарастыруға болады. Бұл жерде алдымен көзге түсетіні, альтернативтік (қарсы қоюшылық) бағытты атауға болады. Мысалы, мәдениет пен табиғатты, культура мен натураны қарсы қоюшылық. Мәдениет ұғымына берілген анықтамалардың келесі тобын қарым-қатынастық бағыт деп атауға болады және оған сәйкес мәдениет – адамның өзін, қоғамды, әлеуметтік қатынастарды жасау процесі ретінде түсіндіріледі.

Осы көпмағыналы феноменнің тағы бірі анықтамалық сипаты оған мағыналық жағынан жақындығы бар кейбір ұғымдармен арақатынасын қарастыру арқылы ашылады. Осы орайда біздің ойымызға оралатын бірінші ұғым – өркениет ұғымы. Өркениет (цивилизация) сөзі латын тілінен аударғанда «civilis» – азаматтық дегенді білдіреді және бұл ұғым римдіктерде семантикалық тұрғыда азаматтық қоғамды, қалалық мәдениетті, заңға негізделген басқару тәртібі бар Рим империясының даму дәрежесін білдіреді. Бұл ұғымның кейінгі ұғымдық эволюциясын былайша топтастыруға болады: 1) мәденет пен өркениет бір, олар синонимдер (И. Гердер, Э.Тайлор); 2) өркениет мәдениеттің ақыры, оның кәрілік шағы, руханилықтың андиподы (Ж.Ж.Руссо, Ш. Фурье, О.Шпенглер); 3) өркениет – мәдениеттің прогресі, болашаққа бой сермеуі, қоғамның парасаттылық деңгейі (Ф. Вольтер, Д. Белл); 4) өркениет – тағылық пен варварлықтан кейінгі тарихи-мәдени саты (Л.Морган); 5) өркениет – этностар мен мемлекеттерге тән мәдениеттің окшау түрі (А. Тойнби, Н.Я. Данилевский және т.б.); 6) өркениет мәдениеттің техникалық даму деңгейі, оның материалдық жағы.

Бұл анықтамалардың түбірі батыстық ойлау мәдениетіне тән дүниетанымнан тауындайтынын айта кету керек. Өйткені, өркениеттік зерттеулердің әдіснамасы батыстық мәдениет аясында дүниеге келді. Қазіргі кездегі ғаламдық құбылыстар, адамдардағы ойлау жүйесінің жаңа формалары, іс қағаздарды жүргізу мен әлеуметтіктің жаңа формалары өркениеттің

негіздемелері туралы көзқарасты өзгертті.

Белгілі өркениеттанушы Е.С. Омаровтың пікірінше, өркениет дегенде, «белгілі бір әлеуметтік генотипке, әлеуметтік стререотипке бола отырып, үлкен, мейлінше дербес, мейлінше тұйық географиялық кеңістікті игерген және осының арқасында әлемдік тарихтан берік орын алған адамдардың мәдени қауымдастығы» ұғынылады. Яғни, автор өркениеттер арасында ешқандай да шекара қоюдың мүмкін еместігін жеткізеді.

Өркениет – ол әлеуметтік топ, ұлт, мемлекет және өзіндік заңдылықтары бар ірі тұтас әлеуметтік-мәдени жүйе. Өркениеттер тұтас жүйе ретінде бір-бірімен келісімге келетін, әрі өзара тығыз байланыстағы дін, экономикалық, саяси, әлеуметтік ұйымдар, білім және тәрбие жүйесі сияқты түрлі элементтерді өз бойына енгізеді. Бұл жүйенің әрбір элементі сол немесе басқа өркениеттердің өзіндік ерекшеліктерін алып келеді. Бұл өзінділік барынша тұрақты. Дегенмен, өркениеттерге ықпал ететін белгілі бір ішкі және сыртқы әсерлерден өзгерістер орын алады, бірақ, оның негізі, ішкі ядросы өзгеріссіз қалады. Сондықтан, әрбір өркениеттің өзіндік өмірі, тарихи тағдыры, өз институттары мен құндылықтары бар. Өркениеттердің қалыптасу процесінде ірі әлеуметтік топтың белгілі бір территориясы және сол шеңбердегі орын мен уақыттағы мәдени өмірдің дифференциясы тарихи сабақтастықтағы бірегей рухани өмірді дәріптеу болып табылады. Өркениеттердің анықталуы мәдениет ерекшеліктерін, яғни құндылықтар, нормалар, салт-дәстүрлер, мәдени үлгілер және тағы басқаларды қамтитын психикалық өмірдің өзіндік белесі – рухани факторды береді. Олардың бір-бірімен өзара байланыста болуымен өркениеттер өзіндік ерекшеліктерін жоғалтып алмайды, басқа өркениеттерден келген кейбір элементтердің қалыптасуы процесті тездетеді немесе баяулатады, байытады немесе біріктіреді. Өркениеттер формациямен сәйкес келмейді, себебі олар кеңістік пен уақытта нағыз өз сабақтастығын жалғастырып жатқан іспеттес және басқа өркениеттермен де осындай байланыста.

Алғаш рет өркениет сөзі 1756 жылы маркиз де В.Р. Мирабоның «Адамдар досы» атты еңбегінде пайдаланылды. Ол өз еңбегінде өркениет туралы былай жазады: «Егер мен көпшіліктен өркениет неден тұрады деп сұрасам, олар былайша жауап берер еді: өркениет әдептілік ережесін сақтау

және осы ереже жалпыға тән заң рөлінде болуы үшін таратылған өнегеліліктің, құрмет тұтудың, мейірімділіктің және білімнің әлсізденуі – мұның барлығы қайырымды адамдардың шын бейнесі емес, жасанды бет-пердесі болып табылады. Егер өркениет қайырымды адамдардың қалпы пен негізін бере алмаса, онда ол қоғам үшін ештеңе өндірмейді». Осылайша өркениет термині қоғамның біршама салалық сипатын білдіру және оның даму деңгейін анықтау үшін қоғамдық ілімге ілінген.

Әлемдік ғалымдардың өркениет аясында жасаған зерттеу жұмыстары мен ғылыми тұжырымдарына сүйенер болсақ, мәдениет пен өркениеттің синоним емес екендігіне көзіміз жетеді. Дегенмен, «ағайынды» тіркестер екені анық. «Мәдениет» ұғымы да алғаш рет XVIII ғасырдан бастап ғылыми тұрғыда қарастырыла бастады. Жаңа заман ойшылдары табиғат пен адамзат арасында ерекше әлем бар, ол мәдениет деп түсіндірді. Ғылымда мәдениет ұғымына жүзденген анықтамалар берілген. Бұл мәдениеттің де ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттелгенін айқындап тұр. Ғылыми дәйектемелерге сүйенер болсақ, мәдениет пен өркениеттің ғылыми түрде бір кезеңде қалыптаса бастағанын көрсетеді.

Ал, масс-медиа мен бұқаралық ақпарат құралдарының жігін ажырату үшін, тағы да өткенге көз салуға міндеттіміз. БАҚ дегеніміз О. Де Бальзактың тілімен айтқанда «төртінші билік». Оған баспасөз, радио, теледидар, бейнежазу, дыбыс жазу кіреді. Американың саясаттанушысы Г. Лассуэлл БАҚ-тың мынандай негізгі төрт қызметін атап көрсеткен:

Әлемдегі болып жатқан жағдай туралы хабарлар жинап тарату;

Хабарды «редакциялау», түсінік беру;

Қоғамдық пікір қалыптастыру;

Мәдениетті тарату.

Масс-медиадың да қызметі мен мағынасы БАҚ-тың қызметімен бірдей. Масс-медиа тек термин, ол ағылшынның *media of mass communication* деген сөзінен шыққан. Бұл масс-медиа деп қысқартылып, қоғамға термин ретінде еніп кеткен. Орыс қоғамында бұл термин 1980 жылдары еңсе, қазақ ақпарат кеңістігінде соңғы бес жылда жиі қолданылып жүр.

Бүгінгі таңда масс-медиа қоғамдық сананы қалыптастыруда негізгі құрал болып отыр. Жоғарыда тізбектелген БАҚ-тың міндеттеріне қосуға болатын тағы басқа қызметтер көп.

Мәселен, идеологияны сіңіру және оның қоғамды саясаттандыру. Масс-медиаы әр түрлі бағытта пайдалануы мүмкін. Олар азаматтардың саяси сауатын көтеруі, өзінің адамгершілігін сезінуі, абыройын жоғары ұстау, еркіндікке, әлеуметтік әділеттілікке ұмтылыс, саяси процеске салауатты, білікті қатынасуға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, жалған ақпарат таратып, үрей қорқыныш, сенімсіздік тудыру үшін де пайдалана алады. Яғни, масс-медиаы әр түрлі идеология қалыптастыруда тікелей пайдалана алады. Мәселен, деректерді бұрмалау, өзіне тиімсіз хабарларды айтпау, жалған ақпарат беру, шындықты толық жеткізбеу және т.б.

Сол сияқты, ел мен қоғамға жаңа тенденциялар мен үрдістер, өркениеттік дамулар мен заманауи жетістіктерді насихаттау үшін де пайдаланады. Сондықтан да ұлттық өркениеттің дамуына масс-медиаының әсері өте зор.

Қазіргі таңда ұлттық қоғамдық сананың қалыптасу үдерісі қарқынды жүріп жатыр. Тәуелсіздік жылдарында еліміздің әлемдік өркениетті мемлекеттер қауымдастығынан орын алуына орай, өз тарихы мен мәдениетіне, дәстүрі мен өркениетіне деген қызығушылық өсе түсуде. Соның нәтижесінде бірқатар жаңашыл ғылыми ізденістер, жаңа болжамдар мен теориялар пайда болуда. Санаға сіңіп кеткен бұрынғы көзқарастар мен теорияларды, қазақ халқының тарихын қайта қараудың, жаңа тарихи-мәдени ретроспективалардың ашылуы нәтижесінде бүгінгі күні «қазақ өркениеті» немесе «қазақстандық өркениет» туралы сөз қозғау мүмкін болып отыр. Бұл ретте, өркениеттанушы Е.С. Омаров Қазақ жерін ұлы өркениеттер түйісінде орналасып, әлемдік мәдени сұхбат пен өркениеттік байланыс аймағы ретінде қарастырып, жүйе ретіндегі қазақ өркениетінің құрамдас бөліктеріне қалалық, өзендік, егіншілік және әскери-демократиялық өркениеттердің кіретіндігін өз зерттеу жұмыстарында айқын айтқан.

Ал, қазіргі таңдағы әлемдік өркениет жағдайына жету мүмкіндігін алу үшін, адам оның барлық элементтерін игеруі шарт. Мәселен, компьютер, ғаламтор, техника, күн сайын жанартылып жатқан жүйелер, әуе кеңістігіндегі тың жаңалықтар, электронды жүйе және т.б. жаңалықтар республика деңгейінде игерілуі керек. Әрине, осы аталған қажеттіліктерсіз де қазақ даласында өркениеттің болғаны рас. Қазір де бар, болашақта да болады. Бұған

Қазақстанның ХХІ ғасырда нық қадам басуы басты дәлел. Қазақ даласындағы өркениет жайлы академик К.А.Сағадиев: «...он ғасырға жуық уақытқа созылған арабтардың, моңғолдар мен жоғарлардың шабуылдары, ежелгі қазақ өркениетін талқандады. Бір ғана Отырар қасіреті, тұрғындардың соңғы демі қалғанша күресуі көп нәрсені еске салады. Варварлық ойрандауға қарамастан, біздің еліміз өзіндік мәдениеті мен құндылықтары, тілін өзгертпей сақтап қалды»

деп жазды. Дегенмен, қазақ халқының алдында ғаламтор мен компьютерлік техника кезеңінде әлемдік өркениет талшығына ұлттық мәдениет байлығын енгізу міндеті тұр. Қазақ халқының рухани байлығы көп. Тек, оларды ешбір сыртқы фактордың әсерісіз ұлттық бояуын жоғалтпай санаға енгізу қажет. Бұл тұрғыда үгіт-насихаттың қажеттілігі айдан анық. Ал, бұл міндетті әрине бұқаралық ақпарат құралдары атқарады.

Әдебиеттер

- 1 Қазіргі заманғы өркениет және ұлттық мемлекеттік . – Алматы: Қайнар университеті, 2008. – 482 б.
- 2 Омаров Е.С. «Краткая история казахской цивилизации». – Алматы: Арда, 2005. – 240 б.
- 3 Әлжан Қ.Ұ. Особенности казахской цивилизации // Казахская цивилизация в контексте мирового исторического прогресса. – Алматы: Қайнар университеті, 2003. – 530 б.
- 4 Нұрадин Гүлхан Болатқызы. «Өркениет: дәстүр және сабақтастық». – Алматы, 2006.
- 5 Нысанбаев А.Н. Казахская цивилизация как проблема социальной и правовой философий // Студент. –2003.- июль.
- 6 Қазақ өркениеті. – Алматы: Қайнар университеті, 2003. – 542 б.
- 7 Адамзат өркениеті. – Алматы: Қайнар университеті, 2005. – 266 б.

References

- 1 Kazirgi zamangy orkeniet jane ulttyk memlekettii. – Almaty: Kainar universiteti, 2008. – 482 b.
- 2 Omarov E.S. «Kratkaya istorya kazahskoi civilizacii». – Almaty: Ahla, 2005. – 240 b.
- 3 Alzhan K.U. Osobennosti kazahskoi civilizacii // Kazahskaya civiliaciya v kontekste mirovogo istoriyeskogo progressa. Almaty: Kainar universiteti, 2003. – 530 b.
- 4 Nuradin Gulhan Bolatkyzy. «Orkeniet: dastur jane sabaktastyk». Almaty, 2006.
- 5 Nysanbaev A.N. Kazahskaya civilizaciya kak problema social'noi i pravocoi filosofii // Student. – 2003.
- 6 Kazkah orkeniet. – Almaty: Kainar universiteti, 2003. – 542 b.
- 7 Adamzat orkeniet. – Almaty: Kainar universiteti, 2005. – 266 b.